

**Мәртөк ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 195 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда № 4475 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 224 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 23.02.2016 № 224 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, 444 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есе жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәртөк аудандық мәслихатының сессия төрайымы*

*Мәртөк аудандық мәслихатының хатшысы*

*Н. Хусаинова*

*А. Исмагулов*